



SARKAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №13 (95171) 10 сәуір 2026 ж.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АРНАУЛЫ ӨКІЛІ – ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІНІҢ БАСШЫСЫ КАН ХУН ШИКТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Корея Республикасы Қазақстанның негізгі стратегиялық серіктестерінің бірі саналатынына назар аударып, екіжақты ықпалдастық қарқынына жоғары баға берді.

Президент Қазақстанның корей халқына және Корея Республикасының даму деңгейіне құрметпен қарайтынын атап өтіп, Астана екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кан Хун Шиктің арнаулы өкіл ретінде елімізге жасаған сапарының маңыздылығына тоқталды және Корея Республикасының Президенті Ли Чжэ Мёнге ыстық лебізін жолдады.

– Сіздің сапарыңыз қазақ-корей ықпалдастығын одан әрі нығайту тұрғысынан өте маңызды. Бірлескен күш-жігердің арқасында елдеріміздің ынтымақтастығы арта түсетініне



сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Кан Хун Шик қонақжайлық танытқаны үшін ризашылық білдіріп, Қазақстанның жаңа Конституциясын қабылдау бойынша референдумның табысты өтуіне орай Президент Ли Чжэ Мённің құттықтауын

жеткізді.

Арнаулы өкіл Корея Республикасының сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды күшейту, сондай-ақ түрлі салада бірлескен жобаларды іске асыру арқылы өзара қарым-қатынасты мүлдем

жаңа деңгейге шығаруға айрықша маңыз артатынын мәлімдеді.

Әңгімелесу барысында екіжақты күн тәртібіндегі көптеген мәселе, соның ішінде жаһандық нарықтағы қазіргі сын-қатерлерге байланысты энергетика, келік-логистика салаларында ықпалдастық аясын кеңейту перспективасы талқыланды.

Кездесу соңында Кан Хун Шик Президент Ли Чжэ Мённің Қазақстан Президентін Корея Республикасына сапармен келуге және биыл қыркүйек айында Сеулде өтетін «Орталық Азия – Корея Республикасы» саммитіне қатысуға шақыратынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Оңтүстік Корея көшбасшысының шақыруын ықыласпен қабыл алды. Мемлекет басшысы жоғары деңгейде өтетін алдағы келіссөздер екі ел ынтымақтастығын жандандырып, Орталық Азия – Корея Республикасы форматындағы ықпалдастықты арттыруға оң септігін тигізетініне сенім білдірді.

Аида Балаева Алакөл жағалауының жазғы туристік маусымға дайындығымен танысты

ҚР Премьер-министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мен туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов Жетісу облысындағы туристік инфрақұрылымның жазғы маусымға дайындығымен танысып, Алакөл жағалауындағы негізгі нысандардың жай-күйін тексерді.

Жұмыс сапарына орталық мемлекеттік органдардың, Үкімет аппаратының, салалық ведомстволардың өкілдері, сондай-ақ Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев қатысты.

Тексеру барысында Үкімет басшысының орынбасары қонақүй кешендері, көріз-тазарту құрылыстары нысаны, Көктұма ауылындағы жағалауды бекіту учаскесі және Үшарал қаласының әуежайын аралады. Әр бағыт бойынша нысандардың қазіргі дайындығы мен жобалардың іске асу қарқыны жөнінде баяндалды.

Облыс әкімдігі жағалауды жазғы туристік маусымға дайындау бағытында ауқымды әрі жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Бұл жұмыстар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылуда. Президент өткен жылы да туристік аймақтарда тәртіп орнату, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ инвесторлар үшін нақты қолайлы жағдай жасау мәселелеріне ерекше назар аударған болатын. Бүгінде бұл мәселе Мемлекет басшысының айрықша бақылауында. Атап айтқанда, жалпы ұзындығы 488 шақырымды құрайтын Талдықорған – Үшарал және Үшарал – Достық автомобиль жолдарын реконструкциялау аяқталып, жағалаудың көлік қатынасы едәуір жақсарған. Үшарал әуежайының ұшу-қону жолағын жаңғыртудан кейін ірі әуе кемелерін қабылдауға мүмкіндік жасалып, қосымша терминал салу жобасы да әзірленген.

Туристік аймақтың инженерлік инфрақұрылымы да едәуір нығайтылған. 57 шақырым электр желісі мен екі қосалқы стан-са құрылысы аяқталды. Бұл бұрынғы қуат тапшылығын жойып, алдағы кезеңге қажетті электр энергиясының қорын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ақши ауылында 69 шақырым көріз желісінің құрылысы аяқталды. Ақши

мен Көктұмадан шығатын ағын суларды қабылдап, тазалап, суды техникалық мақсатта қайта пайдалануға мүмкіндік беретін тазарту құрылыстары жобасын іске асыру жалғасуда. Нысанды биылғы қазан айында толық жабдықтап, инженерлік желілерге қосу жоспарланған. Осылайша жағалаудағы санитариялық жағдай, су бұру және экологиялық қауіпсіздік мәселелері кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді.

Жағалауды бекіту жұмыстарының барысына да баса назар аударылды. Жоба Алакөл жағалауының 13 шақырым аумағын қамтиды. Тексеру барысында бірқатар учаскелерде, соның ішінде жағалауға жақын орналасқан нысандар маңында жағаның шайылу белгілері бар екені тіркелді. Туристік нысан иелерінің айтуынша, қыс мезгілінде ірі мұз массалары жыл сайын жағалау жиегіне әсер етіп, топырақты шайып, жағажай аумағына зақым келтіреді. Соның салдарынан кәсіпкерлер әр маусым сайын жағажайларды қалпына келтіруге және абаттандыруға қайтадан қаржы салуға мәжбүр. Қазіргі уақытта Көктұмада 960 метр, Ақшиде 200 метр аумақта жағалауды бекіту жұмыстары атқарылған. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуы тиіс. Өйткені аумақтың қорғалуы, нысандардың сақталуы және жағалаудың одан әрі дамуы соған тікелей байланысты.

Жағалаудың санитариялық дайындығы жөнінде де жеке баяндалды. Осы мақсатта коммуналдық база нығайтылып, санитариялық тазарту жұмыстарына қосымша 42 бірлік арнайы техника сатып алынған. Маусымдық бригадалардың жұмысы күшейтіліп, қоқысты жүйелі шығару, қоғамдық кеңістіктер мен жағажай аумағын күтіп ұстау шаралары ұйымдастырылып жатыр.

Маусымның жақындауына байланысты қауіпсіздік мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Жағалауда құтқару бөлімшелері жұмыс істейді, жазғы кезеңде маусымдық құтқарушылар қосымша тартылады, техника және құрал-жабдықпен жарақтандыру күшейтіледі. Сонымен қатар бейнебақылау, дрон арқылы мониторинг, қолданыстағы шектеулер мен құқық бұзушылықтар

үшін жауапкершілік туралы ақпараттық ескертпелер орналастыру көзделген. «Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» қағидаттары жағалаудың бүкіл аумағында нақты көрініс табуға тиіс екені атап өтілді. Бұл ең алдымен тазалықтан, тәртіптен, белгіленген талаптардың сақталуынан және барлық қызметтердің үйлесімді жұмысынан байқалуы қажет.

Күн тәртібінде туристік саладағы еңбек қатынастары мәселелері де қаралды. Әсіресе жастар мен студенттерге қатысты бейресми жұмыспен қамтудың алдын алу қажеттігіне ерекше мән берілді. Барлық еңбек қатынастары, еңбекақы төлеу және еңбек жағдайлары тұрақты бақылауда болуы тиіс.

Алакөлді дайындаумен қатар, облыс әкімдігі Балқаш көліндегі туристік инфрақұрылымды дамыту бағытында да жұмыс жүргізіп жатқаны айтылды. Жағалау аймағының бас жоспары мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы бекітілген, абаттандыру жұмыстары жүргізілуде, жағажай инфрақұрылымын аяқтау 15 маусымға жоспарланған. Сонымен қатар аумақты одан әрі дамытуға және инвестиция тартуға бағытталған ілесіп жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Аида Балаева атқарылған жұмыстар жағалаудың жаңа инфрақұрылымдық негізін қалыптастырып жатқанын атап өтті. Сонымен бірге демалушылар ағынының ұлғаюын ескере отырып, басты өлшем нақты нәтиже мен барлық қызметтердің дайындығы болып қала беретінін айтты.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Премьер-министрдің орынбасары жағалаудың жазғы маусымға толық дайындығын қамтамасыз етуді, негізгі инфрақұрылымдық жобаларды белгіленген мерзімде аяқтауды, қауіпсіздік пен санитариялық күтіп-ұстау шараларын күшейтуді, демалушыларға арналған көрнекі профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жолға қоюды, сондай-ақ туристер ағынының өсуі мен ішкі туризмді дамытудың ұзақмерзімді міндеттерін ескере отырып, туристік аймақты жүйелі жаңғыртуды жалғастыруды тапсырды.

Бүгінгі нөмірде:

► Әскерден жалтарушылардың тізімі



3

► Мүгедек




4

► Тәуелсіздікке бастаған қадам



5

► Қазақ даласының батыры



7

Жетісу облысында жалпыоблыстық сенбілік аясында 8 мың ағаш егілді

Жетісу облысында «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында жалпыоблыстық сенбілік өтті. Ауқымды шараға өңірдегі барлық елді мекендердің тұрғындары, мемлекеттік органдардың, кәсіпорындар мен коммуналдық мекемелердің қызметкерлері, сондай-ақ волонтерлер, эко-белсенділер және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Осы күні Талдықорған қаласындағы «Қаратал» шағын ауданында орналасқан Жетісу университетінің студенттік жатақханасы аумағында облыс әкімі Бейбіт Исабаев жастармен бірге аумақты көгалдандыру жұмыстарына қатысып, 50 қылқан жапырақты ағаш отырғызды. Жалпы, бұл сенбілік аясында облыс бойынша 8 мыңнан астам ағаш отырғызылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жасыл желектерді егіп болған соң өңір басшысы сенбілікке келген жастармен әңгімелесіп, өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуының маңыздылығын атап өтті.



– Бүгінгі заман – цифрландыру ғасыры, цифрлық сауаттылық жастар үшін аса қажет. Экономиканың дамуы жаңа технологияға, терең білімге, әр адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне, табиғатқа, қоғам ісіне жауапкершілікпен қарауға тікелей байланысты. Сондықтан үнемі білім алып, үздіксіз өздеріңді дамып отыру қажет, – деді Бейбіт Исабаев.

Талдықорған қаласы әкімдігінің мәліметінше, бүгінгі сенбілік барысында 2000 дана шаруашылық құрал-жабдығы таратылып, 44 бірлік арнайы техника жұмылдырылды, 238 тонна қоқыс шығарылды. Сонымен қатар көгалдандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлінуде. Биыл Талдықорғанда 13 мың ағаш отырғызу жоспарланған, оның 2

мыңы көктемде, 11 мыңы күзде егілмек. Қазіргі уақытта 200-ден астам көшет отырғызылды, қалғаны сәуір айының соңына дейін егіледі. Отырғызылған ағаштарға күтім жасау жұмысы да жүйелі жүргізіледі.

Тазалық шарасы туралы қатысушылардың бірі Сабина Нұрахмет пікір білдірді:

– Мен «Авиценна» медициналық колледжінің 1-курс студентімін. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша білім алып жатырмын. Осындай қоғамдық іс-шараларға үнемі қатысамын. Бүгін біз ағаш отырғызып, аумақты тазалау жұмыстарына атсалыстық. Алдағы уақытта да осы жасыл желектерге күтім жасауға қатысатын боламыз. Табиғатқа қамқорлық жасау – біздің парызымыз, – деді ол.

Сондай-ақ Ескелді ауданы Көкжазық ауылының тұрғыны да ой қосты:

– Біз әр сенбі сайын ауылымызды тазалау жұмыстарына қатысамыз. Бүгін ағаш діндерін әктедік, аумақты тазалап,

қоқыстан арылттық. Ауылымыз таза әрі көрікті болғанын қалаймыз, сондықтан оған өз үлесімізді қосамыз, - деді ол.

Жалпы облыс бойынша сенбілікке 15 мыңнан астам адам қатысып, 225 бірлік техника жұмылдырылды. Өңірдің елді мекендерінде 8 мыңнан астам ағаш отырғызылды, оның 6800-і жапырақты, 1426-сы қылқан жапырақты ағаштар.

Ал жыл басынан бері облыстың санитарлық тазалығына 37 мыңнан астам адам қатысып, 576 бірлік техника пайдаланылған. Соның нәтижесінде 3,9 мың тоннадан астам қоқыс шығарылып, шамамен 19,9 мың ағаш отырғызылды.

Тағы бір атап өтерлігі, қазіргі уақытта Талдықорған қаласында абаттандыру бағытындағы инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі Қаратал өзенінің жағалауында 9 гектар аумақта автоматты суару жүйесін орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр. Аталған құрылыс учаскесіне жауапты Бағдат Тасболатовтың айтуынша, жұмыстар наурыз айында басталып, мамыр айының ортасында аяқталады, нысанда шамамен 40 адам еңбек етуде. Қазіргі таңда жалпы жұмыс көлемінің шамамен 50%-ы орындалды. 40 мың шаршы метр жасыл газон аумағында 44 магниттік клапан орнатылып, әр аймақ жеке-жеке суарылатын болады. Сумен қамтамасыз ету үшін жеке ұңғыма қазылуда.

Осындай жұмыстар «Жастар» саябағында да жүргізілуде, мұнда жаңбырлатып суару жүйесі 4 гектар аумақты қамтиды. Жобаға мердігер ұйымның 20 жұмысшысы мен 12 бірлік техникасы жұмылдырылған. Қазіргі уақытта жұмыстардың 30%-ы орындалды, жобаны белгіленген мерзімнен бұрын – шамамен маусым-шілде айларында аяқтау жоспарланып отыр.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



«7 OZEN»: Жетісуда Ақсу өзенінің арнасы тазартылды

Жетісу облысының Ақсу ауданында «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында «7 OZEN» акциясы өтті. Іс-шараға Жетісу облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Азамат Бейісбаев пен аудан әкімі Берік Тынышбайұлы, аудан тұрғындары қатысты.



Акцияға қатысушылар аумақты тазалау жұмыстарын жүргізді. Тазалық шарасы барысында Ақсу өзенінің жағалауы қоқыстан тазартылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған іс-шаралар атқарылды.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, 700-ден астам адам және 17 бірлік арнайы техника жұмылдырылды. Жалпы саны 500 көшет отырғызылды, оның 50-і қылқан жапырақты, 450-і жапырақты ағаштар.

Сонымен қатар, ауданның барлық елді мекендерінде санитарлық тазалау және абаттандыру жұмыстары қатар жүргізілуде.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ауыл жастары өздерінің IT-стартаптарын таныстырды

Өңірді цифрландыру жолындағы маңызды кезеңдердің бірі – Жетісу облысының Балпық би ауылында өткен «Digital Keruen» көшпелі интенсивті сәтті аяқталды. Іс-шараға қатысқан 35 жасқа дейінгі жастар болашақ технологияларды меңгеріп, оларды туған өлкесінің дамуына қолдануға мүмкіндік алды.



Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының мәліметінше, оқу бағдарламасы саланың сарапшылары жүргізген екі негізгі бағытқа бөлінді: жасанды интеллект және стартап-ойлау.

Спикер Маржан Мүлкібаева нейрожелілермен жұмыс істеудің практикалық мысалдарын ұсынды. Қатысушылар AI құралдарын күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға және жеке өнімділікті арттыруға қалай қолдануға болатынын үйренді.

Ал Айгерім Шаймерденованың жетекшілігімен жастар идея генерациясынан бастап, толыққанды бизнес-модель құруға дейінгі жолдан өтті. Өміршең технологиялық жобаларды жасау әдістемесіне басты назар аударылды.

Практикалық қорытынды интенсивтің басты ерекшелігі деуге болады. Бағдарлама соңында әр қатысушы өз жобасын дайындап, қорғады. Қорытынды питчинг барысында әлеуметтік бастамалардан бастап агросекторға арналған цифрлық сервистерге дейінгі түрлі бағыттағы шешімдер ұсынылды.

– Біз Ескелді ауданындағы жастардың әлеуеті зор екенін көрдік. Бір күннің ішінде олар тек теориямен танысып қана қоймай, өз идеяларын дайын презентацияларға айналдыра алды. Бұл талантты әрі креативті болудың географияға тәуелді емес екенін көрсетеді, - деп атап өтті ұйымдастырушылар.

2026 жыл Қазақстандағы цифрлық трансформация қарқынының жоғары екенін тағы да дәлелдеп отыр. «Digital Keruen» жобасы ауыл жастарының жаһандық технологиялық үрдістерге белсенді түрде қосылуға дайын екенін айқындады.

Үйренген дағдылар қатысушыларға тек бәсекеге қабілетті маман болуға ғана емес, сонымен қатар өз өңірінде жаңа жұмыс орындарын құрып, жергілікті стартап экожүйесін дамытуға мүмкіндік береді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Маусымдық науқан қарқын алды

Сарқан қаласында көктемгі егіс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қазіргі таңда диқандар 300 гектар алқапқа арпа себуді аяқтап үлгерді. Сарқан қаласы әкімдігінің бас маманы Тілеужан Әскербектің мәліматанше ауа райы қолайлы болса, қант қызылшасын 10 сәуірден кейін егу жоспарланып отыр. Биыл қала бойынша төтті қант қызылшасы 230 гектар жерге егіледі.



Шаруалар "Кең дала" бағдарламасы аясында төмен пайызбен несие алып, тұқым, жанармай және агротехникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Бұл диқандарға егіс жұмыстарын уақытылы жүргізіп, мол өнім алуға мүмкіндік береді.

Мал шаруашылығында да белсенді кезең басталды. Қала бойынша барлығы 10 822 бас аналық мал (ірі қара, қой-ешкі, жылқы) болса, олардан 1 538 бас төл алынды. Сауынды сиырлар табынға шығып, бойдақ басқа мал түрлері жайлауға кетуде. Қазіргі таңда 3 табын жайылымға шықты.

Табыншы, тұрғындар және әкімдік тарапынан 3 жақты келісімшарт жасалып, малдың жайылымға шығуы мен жайылымдарды пайдалану тәртібі нақты бекітілген. Бұл диқандар мен малшыларға мал шаруашылығын жоспарлы жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде егіс алқаптарын дайындау, топырақты өңдеу, арпа мен бидайды себу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Мал шаруашылығы бойынша да төлдету мен жайылымға шығару жұмыстары жоспарға сәйкес жалғасуда.

Көктемгі дала жұмыстары мен мал шаруашылығы – өңірдің ауыл шаруашылығы үшін маңызды кезеңдер, сондықтан әр күнді тиімді пайдалану алдағы өнім сапасы мен мал басының өсуіне тікелей әсер етеді.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі басшылығының 2026 жылғы II тоқсанға арналған жеке және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атауы	Қабылдау жүргізілетін тұлғаның Т.А.Ө.	Қабылдау жүргізілетін тұлғаның лауазымы	Алғашқы қабылдау күші мен уақыты	Орталық өкілдерінің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Е.Исмаев Қуанышты	Бөлім басшысы	дүйсенбі сағ. 15.00-17.00 жұма сағ. 10.00-12.00	Сарқан қаласы, М. Өзгеміс көшесі №1	8 728397 2-24-43
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Е.Исмаев Рахметжан	Бөлімнің бас маманы	сәрсенбі сағ. 15.00-18.00 бейсенбі сағ. 10.00-12.00	Сарқан қаласы, М. Өзгеміс көшесі №1	8 728397 2-24-43
Сарқан ауданы №12-Өрт сөндіру бөлімі	Қуанышты Қуанышты	№12-Өрт сөндіру бөлімінің басшысы	сәрсенбі сағ. 15.00-18.00 бейсенбі сағ. 10.00-12.00	Сарқан қаласы, М. Өзгеміс көшесі №1	8 728397 2-15-65

Сенім телефоны: 8 728397 2-24-43.

Орман өрттері

Орман өрттерінің бірнеше түрі бар: төменгі, жоғарғы және шымтезек.

Төменгі өрт көбінесе жапырақты ормандарда пайда болады, бұл ретте жалынның биіктігі 2 метрге дейін жетуі мүмкін, таралу жылдамдығы 1,5 км/сағ аспайды. Жоғарғы өрт қылқан жапырақты ормандарда жиі болады, оның желсіз ауа райында таралу жылдамдығы сағатына 3-4 шақырым, ал желді орманда сағатына 25-30 шақырым және одан да көп болады. Егер сіз орманда өрт ошағына жақын болсаңыз және оны оқшаулауға мүмкіндік болмаса, онда өрт қозғалысының бағытына қарсы тез шығу керек. Егер өрттен шығу мүмкін болмаса, су айдынына немесе жерге жатып, дымқыл киіммен жабыңыз. Қатты түтіндеген кезде жердің жанында тыныс алу керек, сонымен қатар ауыз бен мұрынды бірнеше қабатқа салынған кез келген матамен жабыңыз.

Қазіргі уақытта көптеген демалушылар табиғатқа шығады. Өрттің пайда болуының алдын алу үшін мыналарды білу және сақтау қажет: қылқан жапырақты жас шыбықтарда, құрғақ шөбі бар жерлерде, жел, дауылға ұшыраған орман учаскелерінде, ағаш кесу қалдықтарынан тазартылмаған кеспеағаштарда от жағуға болмайды. Ашық алауды, арнайы жабдықталған орындарда, оны 0,5 м кем емес минералдандырылған жолақпен қоршап қою керек. Қажет болған жағдайда алауға су құйып немесе жерге себіңіз. Жанып жатқан сіріңке мен темекіні тастамаңыз, темекі тартпаңыз және тез тұтанатын сұйықтықтар мен материалдардың жанында ашық отты қолданбаңыз. Ормандағы өртті байқаған соң, дереу ауылдық округ әкімшілігіне, орманшылыққа, өртке қарсы қызметке "101" немесе "112" телефондарына хабарлаңыз.

Есіңізде болсын, сіздің өрттің алдын алу іс-әрекетіңізге тек біздің табиғат пен фауна ғана емес, сонымен қатар адамдардың қауіпсіздігі, олардың өмірі мен денсаулығы да байланысты.

Сарқан ауданы ТЖБ.

Құрметті салымшылар (алушылар)!

2026 жылғы 1 сәуірден бастап «БЖЗҚ» АҚ Жетісу облыстық филиалының мекенжайы өзгергенін хабарлаймыз.

Жаңа мекенжайы: Талдықорған қ., Желтоқсан көшесі, 150.

Жансүгіров көшесі, 149 мекенжайы бойынша қызмет көрсету тоқтатылды.

Қор бөлімшелері туралы өзекті ақпаратты www.enprf.kz сайтындағы «Байланыс» бөлімінен немесе 1418 қысқа нөмірі арқылы біле аласыздар.

Уважаемые вкладчики (получатели)!

Сообщаем, что с 1 апреля 2026 года изменился адрес Областного филиала Жетісу АО «ЕНПФ».

Новый адрес: г. Талдықорған, ул. Желтоқсан, 150.

Обслуживание по прежнему адресу (ул. Жансүгірова, 149) прекращено.

Актуальную информацию об отделениях Фонда можно получить на сайте www.enprf.kz в разделе «Контакты» или по телефону call-центра 1418.

Мерзімді әскер қатарынан жалтарып жүрген әскерге шақырылушылардың тізімі

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 27, 28, 31 баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы «14» наурыз № 1202 «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2026 жылдың наурыз – маусымында және қыркүйек – желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 15 мамырындағы «Қазақстан Республикасының азаматтарының әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 620 қаулысының 5 тармағына, 4 тармақшасына, 34 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 636 01 қыркүйек 2022 жылғы «Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы» қаулысы.

16.02.2012 жылғы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңының 17 бабының 3 тармағы негізінде ішкі істер органдары өз құзыреті шегінде Сарқан қорғаныс істері жөніндегі бөлімінен жалтарған адамдарды іздестіруді жүзеге асыруға міндетті.

Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруға жататын, әскерге шақырылушыларды хабардар етті, бірақ әскерге шақыру пунктіне келу үшін шақыру қағаздарын тапсыруға мүмкіндік жоқ.

№	Тегі, аты-жөні:	Туған күні, айы, жылы:	Тіркелген мекенжай:
1.	Айтжанов Диас Ерланұлы	27.02.2002	Қасым Қайсенов, 3
2.	Алпысбай Нұржан Нұртайұлы	28.05.2004	Сұлтан Торайғыров, 30
3.	Ахметов Елдос Қайратұлы	23.10.2001	И.Венедиктов 132 а
4.	Адилжанов Мейірман Ғалымжанович	06.04.2001	Улица Тәуелсіздік, 57
5.	Алдаберген Али Мақсатұлы	22.10.2006	Улица Фабит Мүсірепов, 7,
6.	Амхадов Висхан Мурадovich	01.03.2001	Саттарханова, 45
7.	Ашимханов Санат Жанатович	04.04.2000	К Буашева, 110, 2
8.	Айдарұлы Бауыржан	03.05.2006	Қабанбай Батыр, 6
9.	Ағыбай Ақеділ	08.12.2003	Атанова16А
10.	Александров Евгений Дмитриевич	28.02.2000	Мұңайтпасова, 23
11.	Ахметсапа Дастан Төлегенұлы	06.03.2007	Әл Фараби, 11
12.	Ахмадиев Раджан Мелисович	24.10.2000	Вихрев, 19
13.	Акимов Мейір Едигеевич	18.08.2006	Буашева, 73, 2
14.	Алпысбай Ибраһим Нұртайұлы	14.11.2007	Торайғыров, 30
15.	Әкімбек Асхат Әділханұлы	29.05.2001	Қабанбай Батыр, 120
16.	Бақытжан Елдана	07.07.2006	Қасым Хан, 13
17.	Герасимов Алексей Николаевич	20.10.2001	Шавров, 1
18.	Бауыржан Ұлағат	20.03.2004	Бөгенбай Батыр, 82
19.	Бақтай Азамат	21.06.2000	Бакалы, Көкірім, 37
20.	Болысхан Жарқын Айқынұлы	09.09.2003	Ілияс Жансүгіров, 30,
21.	Баймади Санжар Талғатұлы	01.04.2001	Қулаков, 4,
22.	Бағланұлы Әділ	03.04.2005	Қабанбай Батыр, 26, 10
23.	Бейсенбек Асылбек Асхатұлы	03.09.2003	Мұңайтпасов, 31, 2
24.	Бейсембек Ерсін	10.11.2002	Ахмет Жұбанов, 5,
25.	Беласаров Мухамметали Дуйсенбайұлы	12.11.2007	Абай Құнанбаев, 163
26.	Давлет Айдос Маулетұлы	14.08.2006	Төлеген Тоқтаров, 12
27.	Дүйсенбек Тілек	28.02.2004	Құдайберген Қалиев, 55,
28.	Дәкей Қайнар	20.12.2003	Құдайберген Қалиев, 97
29.	Евдакимов Дмитрий Сергеевич	30.03.2006	Қажкен Бекбаев, 25
30.	Елмұратов Бауыржан Молдағалиұлы	21.04.2003	Дина Нұрпейісова, 36
31.	Ербол Сержан	20.05.2001	Панфилов, 11
32.	Елемес Ертіс Ержанұлы	09.05.2004	Койлык, Турар Рыскулов, 20
33.	Есімбек Расул Тұрсынәліұлы	26.02.2004	Кұрманғазы, 40
34.	Едлі Никита Ниязұлы	18.10.2004	Тәуелсіздік, 76
35.	Ерлік Қыран	23.02.2002	Ғабиден Мұстафин, 39
36.	Жанболат Ержан	22.05.2004	Тәуелсіздік, 94
37.	Жумабаев Асхат Аманович	23.05.2000	Тәуелсіздік, 208,
38.	Жұматай Бегәлі	27.06.2005	Ілияс Есенберлин, 38а
39.	Жексембай Жалғас Қайратұлы	12.10.2004	Шатырбай, Абай 27
40.	Жансейіт Нұртілек Біржанұлы	24.08.2003	Әліби Жангелдин, 29,
41.	Зейнелхан Аюкол Нұрланұлы	07.07.2004	Бірілік, 34
42.	Зуфар Али Бекмуратұлы	20.12.2003	Боранбаев Оспанбек, 16
43.	Исатай Нұржан Берікжанұлы	17.12.2005	Сұлтан Торайғыров, 7, 7
44.	Қами Темірболат Серікұлы	11.08.2006	И. Венедиктов, 23
45.	Кеңес Жігер Қуатұлы	14.04.2007	Чепрасов, 78
46.	Киржибаев Темирлан Русланович	13.11.2001	Ахмет Байтұрсынов, 69
47.	Кизилов Иван Николаевич	20.08.2000	Сұлтан Торайғыров, 15
48.	Катрухин Дмитрий Викторович	18.08.2002	Жүсіпбек Аймауытов, 22,
49.	Ким Айдос Нурмухамедович	10.05.2001	Бөгенбай Батыр, 74
50.	Кулеке Әркен Қажымұқанұлы	25.05.2000	Таир Жароков, 36,
51.	Қанатбекұлы Арнұр	30.08.2002	Ғабиден Мұстафин, 24
52.	Қызыров Нұрлан Еділұлы	20.03.2000	Мұхтар Әуезов, 79а,
53.	Құрманбек Ақжол	07.12.2007	Телебаев, 14
54.	Қонақбаев Али Медғатлы	02.10.2006	Қажкен Бекбаев, 27А
55.	Кужиспаев Нурсұлтан Ясымович	14.04.2003	Таир Жароков, 13
56.	Ларыженцев Виктор Сергеевич	02.05.2002	Төлеген Тоқтаров, 14,
57.	Мұсатай Мұрат Тоқтақұлы	13.03.2000	Мұхтар Әуезов, 116/1
58.	Мұхаметбай Баймұхамбет Мұратұлы	06.11.2002	Урманов, 12,
59.	Медетпек Руслан Кемелұлы	27.11.2007	Латиф Хамиди 30
60.	Мәсімхан Данияр Талғатұлы	17.07.2007	Қалиева 71/1
61.	Мейрамбай Арман Рауанұлы	26.05.2007	Қабанбай батыра 77/20
62.	Маликайдар Эльдар Өсетұлы	13.07.2004	Ляззат Асанова, 26,
63.	Маратұлы Мадид	14.12.2004	Жастар, 49
64.	Никонов Николай Александрович	25.02.2003	И. Венедиктов, 46,
65.	Ниязбек Руслан Рысбекұлы	08.04.2003	Панарин, 27,
66.	Нұғман Жомарт Асхатұлы	02.09.2003	Қабанбай Батыр, 83, 3
67.	Отан Мейір Бауыржанұлы	17.09.2004	Қабанбай Батыр, 124,
68.	Оралхан Алмас Айбарұлы	23.12.2003	Қабанбай Батыр, 138,
69.	Орысбай Ерасыл Жайықұлы	24.06.2003	Савин, 16
70.	Оспан Дархан	30.04.2000	Алмалы, Абішов, 25
71.	Өмірзақ Ернұр	18.06.2006	Улица Вихрев, 8
72.	Радченко Владислав Олегович	31.10.2000	Қабанбай Батыр, 83, 3
73.	Рахметолла Мирас	25.01.2000	Ербол Сыпатаев,33,
74.	Рассохин Дмитрий Иванович	29.03.2003	Ахмет Байтұрсынов, 9д,
75.	Рысбек Ануар Аятұлы	11.07.2004	Лепсі, Айша Бибі, 1
76.	Саветбай Қурман Жанатұлы	31.01.2004	К Буашева, 90,
77.	Сейдахмет Қуандық Ерікұлы	07.06.2002	Ілияс Есенберлин, 30,
78.	Стрижко Антон Андреевич	22.09.2003	Қабанбай Батыр, 117
79.	Сабетжан Елнұр Қайратжанұлы	12.02.2005	Ілияс Жансүгіров, 46/1
80.	Сартбай Абдулла Муратқанұлы	02.10.2001	Астана, 11,
81.	Сартбай Бекзат Мұратқанұлы	16.06.2005	Астана, 11
82.	Серғалы Әділет Саятбекұлы	30.12.2004	Қабанбай Батыр, 26, 33
83.	Серік Балғын	06.02.2007	Бөгенбай батыра 80
84.	Сембек Жарас	23.11.2000	Бикен Римова, 39
85.	Серікбекұлы Мирас	07.06.2003	Шевченко, 12А
86.	Сиқымбай Бекжан Оралұлы	05.08.2004	Тәттімбет, 5
87.	Сәрсембек Асыл Әділханұлы	12.01.2007	Қулаков 95/ 6,
88.	Тұрар Әлімжан Асқарұлы	07.03.2003	Алмалы, А.Ағабиддин, 61
89.	Сейдахмет Сағындық Ерікұлы	07.09.2005	Ілияс Есенберлин, 30
90.	Тоқтар Асланбек	24.10.2003	Қаныш Сатпаев, 13, 2,
91.	Талғатов Нұрасыл Талғатович	19.11.2002	Ғабиден Мұстафин, 9,
92.	Турдақын Бағжан	13.01.2004	Абая 143,
93.	Тоқтаған Еларыс	13.06.2002	Бөгенбай Батыр, 197
94.	Тоқтаған Ақеділ	19.07.2007	Бөгенбай Батыр, 197
95.	Хамидулла Мейрам Маратұлы	16.12.2002	Шолохов, 24
96.	Шайзат Әліжан Ерікұлы	26.11.2000	Достық, 2, 2,
97.	Шарипхан Арнай Сабитұлы	08.11.2004	Абылай Хан, 27,
98.	Шаріпхан Избасар Сәбитұлы	20.09.2002	Ғали Орманов, 20а
99.	Шуткин Игорь Васильевич	26.02.2000	Бейбітшілік, 20,
100.	Шакер Арсен Нұрмухамбетұлы	05.07.2004	Койлык, Ж.Жабаева, 26,
101.	Шаймардан Бибарыс Берікболұлы	18.02.2002	Вихрев, 25
102.	Ыбрайұлы Абылай	20.03.2007	Абылай Хан, 17

МҮГЕДЕК

(Майдангер жазбалары)



Нұрғали КӨПЕСБАЕВ

(Соңы. Басы өткен санда).

Бір күні ақырын аяңдап кеңсеге бардым. Үйдегі күнкөріс тапшы, құрт-ірімшік, сүт, айранның өзі жеткіліксіз. Аздап астық сұрағым келеді. Келсем Бабышев бастаған белсенділердің бәрі осында екен. Менің көзімді ала беріп аяғыма мүсіркеп қарайды. Ештеңе сезбеген болып негізгі шаруамды айттым. Басекең саған лайықты жұмыс жоқ деп турасына көшті. «Мұнда төрт мүшесі саулар әрең үлгеріп жұмыс жасайды. Астықты колхозда жұмыс істеп жүргендерге килограмдап бергіземіз. Ел іші ғой, бірдеңе етіп күн көрерсің. Соғыстан жаңа келгендіктен саған 5 килограмм арпа беруге тапсырма жүктейін» деп есепшісіне қарады. Қолма-қол есеп қағазын жазып, екеуі қолын қойып, маған ұстатты.

Қоймашы Күләш деген келіншек екен, бір ескі мешоктың түбіне өлшеп салып, алдыма ердің қасына қойып берді. Әрең ғана түсіріп алмай ақырындап үйге келдім. Әкешем жерден жеті қоян тапқандай қуанышты. Олар менің атқа мініп, несібемді теріп жүргеніме риза.

Өзімнің туып-өскен ауылымды аралай бастадым. Соғыстан бұрын салынған құрылыстың бәрінің ұсқыны жоқ. Құлаған, қираған, жөндеу көрмеген. Біз кеткенде салынған жаңа мектеп, клуб малдың көлеңкелейтін орны болыпты. Мектептің 1-2 бөлмесінде бастауыш кластар оқиды екен. Кеңсе, астық қоймалары алқам-салқам, көріксіз күйге түскен. Ауданның бұрынғы белді бір колхозы дегенге сене алмайсың. Колхоз белшесінен өкіметке қарыз. Колхозшылардың бұрынғыдай еңбек кітапшасы жоқ. 4 жыл бойғы еңбектері есепке алынбаған. Тек қана қолындағы малына сүйеніп күн көріп келеді. Оның үстіне салық, ет-сүт салығы, зайымға жазылу елдің еңсесін езіп кетіпті. Мектептің техникалық қызметкерлері ақысыз жұмыс жасап жүр. Оның есесіне колхоз басшылары, ауыл кеңес бастықтары, салық жинағыш өкілдер шелді бола түскен. Жегендері білініп қалғандары тайып отырған. Оның орнына жаңа жегіштер орын алмастырып, бірі кетіп, бірі келіп жатқан дүние.

Соғыс біткен соң тірілер елге орала бастады. Бірақ бұрынғы сайдың тасындай ірі жігіттердің бірі жоқ. Сол соғыста қаза болған. Мен келгелі бір жыл жарым шамасында үшінші басқарма болып Тұралықов сайланды. Мен осы кісінің тұсында колхоздың хатшылығына әрең қолым жетті. Бұл 1946 жылы еді.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жерехин деген

қазақша сөйлей білетін адам екен. Ауданға жаңадан шынжырлы тракторлар келіпті, соның біреуін сұра деп басекең мені жұмсады. Басқарма жаңадан болған. Колхоз жағдайымен танысып жатыр, мен осы жерде туып-өскенмін, өз қолымызбен орнатқан колхоз шаруасын қалпына келтіруге көмектесіңіз деп өтінішпен бардым. Майдангер болған соң сөзім өтті ме, басекең тапсырмасын мүлтіксіз орындап қайттым.

Осындайда тағы бір жағдай еске түсіп кетеді. Жаңа басқарма өзінше жаңалық жасап, бұрынғы хат танымайтын егде бригадирлерді ауыстырды. Осы колхозды өз қолымен орнатқан Ербай Тойбаев деген ақсақалды орнынан босатып, жаңадан келіп жатқан жастау жігіттердің бірін қойды. Ақсақал, әрине, реніш білдірді. Колхоздың ала жібін аттамағанын, осы колхоз үшін маңдай терін төккенін сөзіне арқау етті. Үйреніп қалған шаруасын қимайтынын білдірді. Бастық Ербай ақсақалдың ағынан жарылған ойына риза болып, колхозға бөлінген асыл тұқымды айғырды күтіп-баптауды тапсырды. Ол кездегі еңбек адамдары осылайша жұмыссыз отырғанды қаламайтын.

Біздер, мүгедектер, өкімет пен партияның қамқорлығын түсіне бастадық. Тобымызға қарай арнайы зейнетақы тағайындалған. Есеп-қисап жүргізуді үйрену үшін Шымкент қаласынан бухгалтерлік мектеп ашылды. Мен колхоз жұмысына белсене араластым. Жеті жылдық мектептің мұғалімдерінен бастап басшылары да қайта оралды. Тіршілік қайтадан жандана бастады. Далада шашылып жатқан соқа-саймандарды жинатып, жөндеуден өткізіп, тракторшыларды іріктеп, қайта дайындадық. Соғыстан кейінгі қайта құру мәселесіне шындап кірістік. Бұрынғыдай кемтарсың дейтін кемітетін көзқарас жойылып, жұртшылық менімен ақылдасып, пікір алмасатын болды.

Соғыстан үйге оралысымен әке-шешем маған сездірмей мені үйлендіру қамына кірісіпті. Қырсыққанда қыз-келіншектер келісе қоймапты. Ол бізді асырай ма, біз оны қайтіп бағамыз деген сауал арамизға көлденең тұрыпты. Оны естіп менің жүрек тұсым шаншып кетті. Көрші Абай колхозында бұрын өзіммен бірге оқыған Қырмызы деген қыз бар еді. Дәм-тұз қосып тұр екен, мені кеметіксің демей тілегімді қабыл алды. Құдайға шүкіршілік, балалы-шағалы болып, ел қатарлы өмір сүрдік.

Жуас құнаным бар еді. Тұсап қоя беретінмін. Бірде ауыл сыртындағы бейітке таман алыстап кетіпті. Балдақпен барып, тұсауын ағытып, қарғып мініп, жүгенсіз үйге қақпайлап алып келдім. Кешқұрым болатын, үйге кіре бере бір жақ бүйірім шанышқылай бастады. «Кешқұрым бейіт жаққа беркер бардың» деп шешем ұшықтап жатыр. Кесеге толтырып, ыстық күл салып, бетін шүберекпен жауып, ауырған жеріме басты. Мұны күлкірне деп атайды. Оған да болмады. Фельдшер жеңгеміз келіп дәрі беріп, укол салды. Болар емес.

Ауру күннен күнге асқына берді. Ел аралап жүрген бір бақсы ұшықтап, шешемнің шайға қатуға сауып жүрген ешкісін қағып кетті. Онда да болмады. Молда шақыртып, дем үшкіртіп, тарелкенің ішіне сиялы қарындашпен дұға жаздырттық. Езіп ішкізді. Оған менің жалғыз бүтін көйлегімді беріп еді, сонда да түк болмады. Ауру деген үсті-үстіне үдей берді. Енді шаншу екі бүйірімнен бірдей шаншып, өлім халіне жеткізді. Әкем апиын езіп ішкізіп еді, шөлдеген соң суық су ішіп қойып, тағы да өлмеші болдым. Аузыма сүт тамызып, әрең дегенде есімді жиғызды. Көзімді ашып қарасам екі шешем мойындарына бұршақ жаулығын салып, шашын жайып, «Құдай бар болсаң мұны алғанша мені ал» деп жылап отыр екен. Біреуі өз шешем, екіншісі жолдасым Қырмызының шешесі – енем. Қырмызы да біреудің жалғыз қызы. Әкесі Ерғали менің ағайыммен бірге Сталинград түбіндегі шайқаста қаза тапқан.

Аудан орталығындағы ауруханаға апару үшін әкем соқа дөңгелегінен жасалған 4 аяқты арбасын жегіп алып келді. Үстіне жұмсақтап көк шөп төсепті. Жүрерде шешем қойдың құйрығынан еріткен нән кесе майды жұтқызып жіберді. Көрпе-жастық төсеп, шалқамнан жатқызды. Қатты жүруге болмайды, сондықтан әкем атты арбаны жаяу жетектеп, шешем мойнына күндігін салып, арбаның артынан жаяу жүріп отырды. Ақырындап арба шайқайды, ішім ауырып кетеді. Ауылдан 3-4 километр ұзаған соң бағанағы жүрердегі ішкізген құйрық май әсер етіп, бір ай жарымнан астам уақыттан бері қатып қалған ішім жібіп, дәрет алдым. Маңдайымнан суық тер шығып, бүйірімнен домалақ көк тастар түскендей болды. Аудан орталығымен екі арада «Энергия» деген колхоз бар. Ымырт жабылғанда сол ауылға жетіп қондық. Үй иесі әйел маған 1 кесе ыстық сүт ішкізді. Сол түнгі дәреттен соң екінші бүйірім де шанышқанын қойған сияқты болды. Әкем ішімнен түскен көк тастарды қағазға орап алыпты. Ертесінде аудан орталығындағы ауруханаға келіп арбадан өзім түстім. Хирург Петровский деген егде тартқан адам бізді қабылдады. Әкем әлгі көк тастарды көрсетіп еді. «Аурудың қиын кезеңінен өтіпсің, енді өлмейсің» деп емханаға жатқызды. Шешем күндігін мойнына салып аурухананы үш айналып шықты. Құр тері мен сүйегім ғана қалған, қатты арыппын. Жастық қайратыммен дертті жеңіп, 12 күн емделіп ауруханадан шықтым.

Мен үйге келісімен шешемнің денсаулығы күрт төмендеді. Ауруханаға бармай қойды. «Сенің алдыңда өлсем арманым жоқ, артымда ұрпақ қалу керек қой, алғашқы немеремді сүйдім, өміріме ризамын» деп оншақты күн жатып, қайран шешем, мәңгілікке көзін жұмды. Дүниедегі ең қымбатымнан айырылып, күйзеліп қалдым.

Денсаулығымды түзеген соң әкеммен бірге аңға шығатын болдым. Әкем колхоздың аңшысы. Әдейілеп ат-көлік бекітіп берген. Ол

кезде егіннің жауы сарышұнақ еді. Сарышұнақтың екі ұртында егінге бір барып келгенде 200 грамдай бидай кетеді екен. Ал бүкіл колхоз көлемінде мыңдаған тышқандар бар. Күніне 4-5 қабат егістікті жауласа қаншама зиян келетінін есептей беріңіз. Ол кезде зиянкестерді өлтіретін қазіргідей тыңайтқыштар жоқ. Сондықтан бұл міндет аңшыларға жүктелген еді. Менің әкем міндетін абыроймен орындап, 500-дей тышқан терісін өткізіп отыратын.

Аңшылықтың өзіндік қызығы бар. Қасқыр, түлкі, борсық, елік, марал және құстардың алуан түрін әртүрлі әдіспен аулайтынбыз.

Тышқанды ұстауға арналған шағын қақпан болады. Әкем қоржынның екі басын қақпанға толтырып, бидай алқабын жағалап жүріп отырады. Сарышұнақ екі ұртына толтырып әкелген бидайын іні түбіндегі қамбасына төгеді де балаларын шақырып шақылдап айғай салады. Осы айғаймен біз оның інін тауып аламыз. Қақпанды інің аузына тереңірек апарып құрамыз. Қалғандарын інің аузынан жан-жаққа тарап жатқан соқпақ-сүрлеулеріне орнатамыз. Ертеңінде бірнеше тышқан қақпанға тұтылады. Әкеммен жүріп аңға қақпан құруды игеріп алдым. Протезімді киіп атқа отырғанда төрт мүшесі сау адамдай көрінемін. Протез көдімгідей ара салмақты сақтап аса көп ауытқымайтын болдым. Тіпті, көкпар тартуға, қыз қууға да қатысып, елдің ризашылығына бөлендім.

Ата-енем колхоздың бір отар қойын бағатын. Айлап жатып қой бағысамын.

1947 жылы Шымкент қаласынан мүгедектер үшін ашылған 3 айлық бухгалтерлік курс бітірдім. 3 колхоздың көлемінен ет-сүт жинайтын агент болуыма тура келді. Соғыстан қалжырап шыққан елден салық жинау дүниедегі тозақтың-тозағы екен. Соғыс уақытында елді зар қақсатып, жеген жемқор агенттер қуыла бастап еді. Әрбір үйден 50 келі ет, 10 келі май жинау оңай емес. оның үстіне ақша салығы бар, қысқасы, агенттерің құдай емес, құдайдан бұлай емес. Колхоздың шетіне салық жинайтын агенттер келді десе елдің ішкен асы бойына тарамайды екен.

Сонау қан сасыған майданды көріп келген мен үшін бұл ең бір сүйкімсіз, тозақ жұмыстың бірі болды. Жанымды қоярға жер таппай, қиналып жүріп жұмыс істегелі бір жылдай болғанда ет-май жинау тоқтатылсын, салық мекемесі таратылсын деген қаулы шықты. Елмен бірге мен де қуандым.

Мойындау керек, сол кездегі қасымыздағы орыс колхоздарының тұрмысы бізден әлдеқайда жоғары еді. Мұның себебі үй іргесіндегі бау-бақшалыққа біздің қырымыз жоқ. Күні бүгін осы бір тіршілік үшін өте қажет бау-бақшалықты өңдеу, жердің берерін алу жағынан ақсап келе жатқанымыз шындық.

Ауыр жаралы мүгедек болсам да, көп балалы отбасы болсақ та соларды асырап, сақтап, ел қатарына қосқанымызды мақтан тұтамын. Менің колхозда істемеген жұмысым жоқ. Соғыстан кейін 30 жылдан астам бейбіт еңбек майданына араласыппын. Төрт мүшесі сау, 60 жасқа келгендер зейнетке шығып жатыр. 20 жасымнан бері 40 жыл мүгедек болсам да, 60 асып, 70-ке аяқ бассам да еңбек майданынан қалмағаныма шүкіршілік етемін. Көргенімді, білгенімді, көңілге түйгенімді естелік етіп жазуға мұрсат берген тағдырыма мың алғыс!..

• Желтоқсан қозғалысына – 40 жыл

Мұрат АҚЖОЛОВ

Суыт хабар

Желтоқсан айының 16-сы сағат кешкі сегіздер шамасында бұрынғы Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институтының 3-ші жатақханасында Жаркенттің жігіті Мәулетхан (жанама аты Қожа), маңғыстаулық Шабай, Байсерке ауылынан Есімбек, меркілік Нұрғали Райымбеков деген жігіттер өзара әңгіме-дүкен құрып отырған едік. Ойымызда ештеңе жоқ, бір уақытта жатақхананың қоңырауы соғылды. «Не боп қалды?» деген оймен түгел астыңғы қабатқа жүгіріп түссек, жастары 30-35-тердегі бір қазақ әйел мен екі ер адам келіп отыр екен. Біраз жұрт жиналғасын әлгілер Д.Қонаевтың қызметінен алынып, орнына Ресейдің Ульяновск қаласының тумасы – Колбин дегеннің тағайындалғанын хабарлап, жайлап түсіндіре бастады. Алғашында суыт хабарға сенер-сенбесімізді білмей абдырап тұрып қалдық. Бір кезде ашуға булыққан жастар әлгі үш «өкілді» сұрақтың астынан алды. Неге Қазақстанның билігін қазақ ұстамасқа? Елімізді Ресейден келген орыс неге басқаруы керек? Орыс болса да Қазақстанның орысы неге тағайындалмады? Осындай сауалдар үсті-үстіне қойылып жатты. Жиын аяқталған соң жағымсыз хабарды жерлестерімізге, өзге оқу орындарындағы достарымызға тараттық. Алдымызға «ереуілге шығу керек» деген мақсат қойған біздің әрқайсымыз екіден, үштен бөлініп кеттік. Біз Шабай, Қожа үшеуіміз КазГУ-дің филфагының жатақханасына бардық. Онда да өзара дабырласқан наразы жұрт. Арасында сонда оқитын, әскерде бірге болған досым Сәлімгерей де бар. Ашу кернеген жігіттер ертеңгісін алаңға ереуілге шығуға бекем бел буды. Бірақ ішінде «асықпандар, жағдайдың артын байқап көрелік, мүмкін бір өзгеріс болып қалар» дейтіндер де бар. Әліптің артын бағуға тырысып, даурыққан жұртты сабырға шақырдық. Бірақ көпшілігіміз бір ауыздан алаңға шығатын болып келістік.

Бірінші күн

Желтоқсанның 17-сі күні таңғы сағат 9-дарда «Брежнев» атындағы алаңға жинала бастадық. 15-20-дан топталып жан-жақтан ағылып келіп жатқандардың басым көпшілігі – студенттер. Ал, сағат 10-ға таман алаңға адамдар түгел жиналды. Көп ұзамай алаңға қаһарына мінген тәртіп сақшылары мен ішкі әскер сарбаздары да жетті. Қолдарында қалқан, бастарында каска. Біраздан кейін сарбаздар қатарына полктің милициялары да келіп қосылды. Оларға алаңдағы ереуілшілерді тарату міндеттелген. Басында сап түзеп алған әскерлер бізді жан-жаққа қуа бастады. Қолға түскендерді автобусқа итеріп кіргізіп те жатты. Сосын кезек күткендей шегінген шерушілер алаңға қайталап қояды. Ақырында сарбаздар ширақ қимылдап жұртты алаңнан түгел қуып шықты. Түске жақын бір-бірінен бөлініп қалып, не істерін білмей тұрған жастар қолдарына транспорт көтеріп, ұрандата бастады. «Менің елім» деп ән шыраққан КазПИ-дің студенттері жауынгерлердің мызғымас тосқауылын бұзып, алаңға бет алды. Олардың батыл қимылы алаң сыртында тұрған жастар



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ Бастаған қадам

қауымын жігерлендіріп жіберді. Сол кезде біз де Фурманов пен Сәтбаев көшелерінің қиылысындағы «Мұхит» мейрамханасы жағынан алаңға қайта беттедік. Арамызда студенттер де, Киров зауытының жұмысшылары да бар. Қайта жиналған халық енді «Қонаевтың өзі келіп, бір ауыз сөзін айтсын. Сосын тарқаймыз» деген талап қойды.

Жауаптың орнына «Тоқтатындар, тарқандар» деген қатаң дауыспен бұйрық беріліп жатты. Алдымызға алты қатар милиция қызметкерлерін тізіп қойған. Алдыңғы екі қатары кілең қазақтың жігіттері. Қалғандары өзге ұлттың өкілдері. Содан түс ауа жетегінде үш жасар ұл баласы бар келіншек мінберге шығып сөз сөйледі. «Бауырларым, сендердікі дұрыс. Ереуілге бейбіт түрде шыққандарың қылмыс емес» дегені сол-ақ екен, милициялар тап мінберге жетіп келіп, оның қолын бұрап алып кетті. Сол келіншекті құтқарамыз деп қыздар да, жігіттер де тұра ұмтылды. Міне, осы кезде қақтығыс басталып кетті. Студенттер құр алақан, сарбаздар мұздай қаруланып алған. Дәл сол күні ауаны аяз қарып тұрғанымен, алаңдағы қар шылпып еріп кетті. Денеміз мұздап, аяғымыз әбден су болды. Бұл аз болғандай өрт сөндірушілер келіп студенттерге су шашып, дүйім халықты жан-жаққа қуалады. Үстіміз малмандай су болған соң ашуға булыққан жігіттер қолдарына іліккен тас, таяқ, темірді алып әскермен арпалысып айқасып жатқанбыз. Дегенмен, екі жақтың күш-қуаты мен мүмкіндіктерін салыстыруға келмейді. Сарбаздар қарусыз жастарды соққыға жыға бастаған соң, бізге ол жерден қашуға тура келді. Сол бір сәтте жігіттерге қарағанда қыздардың батыл, өжет екенін байқадым. Сондай бір сарбаздардан шегінген сәтте қыздарымыз: «Жігіттер, қашпаңдар! Намыс қайда?! Қайтындар. Алға!» деп қарулы әскерге қасқайып тұрды. Амал жоқ, қайта қайтасың? Осылайша түннің бір жарымына дейін алаңда жүріп, жатақханамызға қайттық.

Екінші күн

18-і күні алаңға қайта келдік.

Бұл күні шыны керек алаңға кіре алмадық. Мәскеуден, Тәшкеннен, Новосібірден арнайы келген «Метель» операциясының жауынгерлері де алаңды қорғауға шығыпты. Бойлары 180 см-ден жоғары, үстілеріне бронжилет киген сайдың тасындай ірі-ірі жігіттер. Қанша адам екені белгісіз, әйтеуір студенттердің алаңға қарай қадамын бастыртпай қойды.

Осы екінші күні солардың қолына түстім. Сол баяғы Фурманов пен Сәтбаев көшелерінің қиылысында орналасқан «Мұхит» мейрамханасының жанында басым дубинка тиіп жығылдым. Есімді жисам, екі милиция екі жағымда қолымды қайырып, сабап дырылдаптып сүйреп келеді. Шалбарымның екі тізесі дар айырылып жыртылып кеткен. Басымның жарылғаны мен мұрнымның сынғанына қарамастан сол сабаған күйі әкеліп, мені автобусқа лақтырып тастады. Сол кездегі үкімет үйінің алдында тұрған «ЛАЗ» маркалы жеті автобусқа қолға түскен басқа жігіттер мен қыздарды да тоғытты. Тұтқындалған тағы бір топты жерге тізерлеп отырғызып қойып, әлгі «Метель» операциясының сарбаздары ұрып жатыр. Олардың арасында сыныптасым Жанат Игембаев та бар. Жанат кейіннен сарбаздардың «Где этот ярый с арматурой?» деп мені сұрастырғанын айтты. Ереуіл кезінде қолыма арматура ұстап жүргем ғой. Көзге түсіп ұсталғандардың арасында Жаркенттің Қоңырөлең ауылынан марқұм Жұман (2009 жылы қайтыс болды) деген жігіт болды.

Осы жерде бір айта кететін жайт, кейіннен ереуілге шыққандардың дені маскүнем, нашақор екен деген қауесет тарап кетті ғой. Ал, сол жерде мен екі тәулік болдым. Бірақ арақ ішіп, наша шегіп жатқан бір де бір адам көрмедім. Оның бәрі жала.

Сөйтіп екінші күні ұсталған жігіттер автобуспен Қаскелең жаққа бет алдық. Әл-Фараби көшесіне шыққанда байқағаным, артымызда «БТР» және Шекера училищесінің курсанттары тиелген «КАВАЗ» көлігі келе жатты. Алдымызда қанша арнайы көліктің кеткенін білмеймін, себебі біз колоннаның соңында едік.

Біздің бағымызға орай КазГУ-ден асқанда бұйрық келді ме, әйтеуір жаңағы «БТР» мен «КАВАЗ» көлігі кері бұрылып кетіп қалды. Ал, автобустың ішінде бізді бақылап екі-ақ милиция отырған болатын. Осы сәтті пайдаланып жігіттердің барлығы әлгі милиция қызметкерлеріне ұмтылғанда, олар қашып үлгерді. Құтылғанымызға қуанып біз де өз бетімізше кеттік. Сондағы байқағаным, қолға түскен жастарды әскерлер аямай соққыға жығыпты. Қасыма еріп келген (Шымкент жақтан, СХИ-дың студенті, 1963 жылы туылған) Қайрат есімді жігіттің басы шүйдесінен қақ айырылып жарылыпты.

Жендеттердің қолынан сытылып шыққанмен жатақханаға қайта оралуға жүрек дауаламады. Сосын «Геологостройда» тұратын сол кезде Калинин ауданында милицияда жұмыс істейтін Әділжан есімді ағамыздың үйіне Қайрат екеуіміз жан сауғалап бардық. Жеңеміз Фатима киімімізді тігіп, жарамызды таңып берді. Кешке дейін сол үйде жаттық. Сыртта алай-дүлей болып жатқанда қашанғы бұғып жата бересің. Оның үстіне органда істейтін ағамызға да қырсығымыз тиіп кетуі мүмкін. Ал, көшеге басыңды қылтитсаң болды, тұтқындап алып кетеді. Автобусқа міне алмайсың, жан-жақтан қазақ жастарын ұстап алып кетіп жатыр. Таксиге де мінуге қорқасың. Әйтеуір қараңғы көшелермен жатақханаға жеттік-ау. Келсек мұндағы жігіттердің де шекесі қызбапты. Соққыға жығылған. Бірінің басы жарылған, екіншісінің қолы, қабырғасы сынған. Бірақ барлығымыздың ойымызда тән жарақатынан гөрі, КГБ-ның құрығынан қалай құтыламыз деген ой тұрды. Сөйтіп жігіттер ертеңінде жан-жаққа қашуға бел будық. Біз Талдықорғаннан келген досым Кенжебаймен бірге оның КазГУ-де оқитын келіншесінің жатақханасына жол тарттық. Онда кіруін кіріп алып, екі күн шыға алмай жаттым. Күнделікті тексеріс. Мұғалімдері бар, милициясы бар. Сосын екінші күні кешкісін терезеден простынямен түсіп ауылымызға кеттік.

(Жалғасы бар).

Жуырда «Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ-де «Парктер шеруі-2026» халықаралық табиғатты қорғау акциясының ашылу салтанаты өтті.

Іс-шара барысында парк қызметкерлері, Сарқан қаласының мектеп оқушылары, колледж студенттері мен еріктілердің қатысуымен орталық алаңнан «Таза болса табиғат – аман болар адамзат» ұранымен мерекелік шеру бастау алып, ұлттық парктің бас ғимараты алаңында жалғасын тапты. Акцияның ашылу салтанаты барысында қатысушылар үшін тақырыптық көрме мен мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды.

Аталған іс-шараны Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов ашып, «Жоңғар-Алатауы» МҰТП бас директорының ғылым және туризм жөніндегі орынбасары Тоғжан Қасымханова және экологиялық ағарту инженері Аяулым Рамазанова сөз сөйлеп, табиғатты қорғауда осынау акцияның орны ерекше екендігіне тоқталды. Сонымен қатар жас буынды қоршаған ортаны

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ АКЦИЯСЫ



таза ұстауға, аялауға, қамқорлық танытуға үндеді.

Ауқымды экологиялық акцияға «Жетісу» телеарнасы, аудандық мәдениет үйі, аудандық газет, аудандық ардагерлер ұйымы, аудандық полиция бөлімі, «Sarqan jastary» орталығының еріктілері, Сарқан көпсалалы және Сарқан политехникалық колледждерінің студенттері, Абай

атындағы мектеп-гимназия, Ақын Сара атындағы орта мектебі, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі, Н.Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейі, Аманбектер негізгі орта мектебі, Бірлік орта мектебі, №1 мектеп-гимназиясының оқушылары, сондай-ақ Сарқан қаласының Балалар шығармашылық үйінің тәрбиеленушілері қатысып, белсенділік танытты.

Іс-шара аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатты аялау және жас ұрпақтың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру мақсатында ұлттық парк аумағына 235 дана ағаш көшеті отырғызылды. Жалпы іс-шараға 400-ге жуық адам қатысып, табиғатты қорғау мен сақтау ісіне өз үлестерін қосты.

М. СҮЛЕЙМЕНОВА,
«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ рекреация, экологиялық ағарту және туризм бөлімінің басшысы.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЕРЕКШЕ ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Жақында "Жоңғар Алтауы МҰТП" РММ Сарқан филиалы мемлекеттік инспекторларының ұйымдастыруымен "Парктер шеруі – 2026" халықаралық табиғат қорғау акциясы аясында халықаралық құстар күніне орай ерекше шара өтті.

Бұл маңызды оқиға тек табиғатты қорғау мен экологиялық сананы арттыруға бағытталған ғана емес, сонымен бірге жергілікті мектеп оқушылары мен тұрғындардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятуға қызмет етеді.

Акция барысында филиал аумағында орналасқан Тополевка ауылындағы Теректі орта мектебі, Аманбектер ауылының Аманбектер негізгі мектебі және Екіаша ауылындағы Екіаша орта мектебінде барлығы 30 құстар жәшігі арнайы орнатылды. Бұл құстар жәшіктері жергілікті құстарға баспана болып қана қоймай, олардың табиғи ортасын сақтауға, құстардың жазғы тіршілік етуіне үлкен көмек көрсетеді.

Мұндай іс-шаралар – табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастырып, жас ұрпақтың экология мен биотүрлілікке жауапкершілікпен қарауға шақырады. Жергілікті мектептерде өткізілген бұл іс-шара мектеп оқушыларына табиғатты қорғаудың маңызды екендігін түсіндірумен қатар, оларды табиғатқа жанашырлық танытуға ынталандырады.

"Жоңғар Алтауы МҰТП" Сарқан филиалы мемлекеттік инспекторларының осы игі бастамасы – табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікті арттыруда, еліміздің экологиялық болашағын нығайтуда үлкен үлес болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау мен халықаралық табиғат қорғау акцияларына белсенді қатысу – біздің барлығымыздың ортақ борышымыз.

Бұл мақала арқылы "Жоңғар Алтауы МҰТП" Сарқан филиалының мемлекеттік инспекторларының табиғатты қорғау жолындағы нақты істері халыққа кеңінен танылады және қолдау табады деп сенеміз.

А.ТУРЫСБЕКОВА,
Сарқан филиалының экологиялық ағарту инженері.

Туристтік маршрут №6 - Сарқан орман тұқымбағы

Туризм - адамдардың уақытша саяхат жасауы, табиғи немесе мәдени орындарды аралауы. Туризм – адамдардың уақытша басқа жерлерге саяхат жасауы, оларды танып-білу немесе демалу мақсатындағы әрекеті.

Туристердің бәрі де тек көңіл көтерумен шектеледі деуге болмайды, турист өзінің туристік сапары барысында көптеген тың ойлар мен шешімдерге келеді, жаңа жоспар жасауы, батыл бекімге келуі мүмкін. Бірақ мұның бәрі оның алдағы істерінде көрініс табуға қалдырылады да, дәл сол уақыт, дәл сол жерде ол тек өзін еркін, ерікті, көңіл ашушы, сынақ етуші, қызықтаушы, денсаулығын қалпына келтіруші, ойын ойнаушы ғана болады.

Туристерді жағымды пікір ғана емес, қайта тұмса табиғат, тылсым құбылыс, ғажайыптар, тәуекелдер, бұрын-соңды болмаған жаңалықтар, басқа да оларды өз елдерінде бола бермейтін ерекше жағдай мен көңіл - күйлер қызықтырады. Сондықтан туризмді дамыту үшін туристік өңір туралы романтикалық (бәлкім тылсым, бәлкім қорқыныш, бәлкім таңғажайып) түсініктердің қалыптасуына айрықша мән беру керек.

Туризм – болашағы зор сала. Бірақ ол өзінен-өзі дамымайды. Ұлттық деңгейдегі саяси ерік, бизнестің серіктестігі, азаматтық қоғамның белсенділігі қажет. Сол кезде ғана Қазақстан туристік державаға айнала алады.

Соның ішінде Сарқан қаласында орналасқан туристік маршрут жайында мәлімет бере кетеміз. Туристік маршрут №6 «Сарқан орман тұқымбағы» ұзындығы 0,5 км ауданды алып жатыр. Маршрутта демалушылар мен туристердің демалуларына қолайлы жабдықталған төрт демалыс орны және де арнайы ас әзірлеуге болатын орындары да бар. Демалыс орынында жарық жүргізілген, беседкалардың шатырлары жабылған. Маршрутта жас-жұбайлар үшін сурет және видеоға түсуге арналған «бассейндегі аққулар» орны арнайы жабдықталған. Сондай-ақ, орман тұқымбағында өсіп тұрған жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың өдемі көрінісін тамашалауға болады.

«Сарқан орман тұқымбағы» туристік маршрутының өдемі көріністерін тамашалап, табиғат аясында демалғыларыңыз келсе бізге келіңіздер!

М.ВИШНЯКОВ,
«Жоңғар-Алатауы МҰТП» Сарқан орман тұқымбағының шебері.

Мемлекеттік инспекторлардың айналымдық аралау жұмыстары

«Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Сарқан филиалының мемлекеттік инспекторлары тұрақты айналымдық патрульдер жүргізіп, заманауи технологиялар (фото-тұзақтар, смарт-қосымша) арқылы жұмыстың тиімділігін арттыра түсуде.

Мақсат заңсыз ағаш кесу, аң аулау, қоқыс тастау, отшашу тәрізді құқық бұзушылықтарды анықтау және тіркеу. Туристік маршруттар мен парк аймақтарының шектеулерін қадағалау, қонақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Табиғи ресурстардың (жануарлар, өсімдіктер, судың, қардың) мониторингі, олардың экожүйеге әсерін бағалау. Қоғамдық сананы арттыру, экологиялық білім беру, заңды тәртіпке шақыру.

1. Күнделікті маршруттар. Инспекторлар әр күнгі кезекшілік кестеге сәйкес, алдын-ала бекітілген аумақтарды аралайды. Қысқа жолдарда, орташа қиындықтағы таулы жерлерде, сондай-ақ туристер жиі жүретін түйіндерде патруль жүргізіледі. Барлық қозғалыс GPS-координаттармен тіркеледі, бұл кейінгі талдауға және аймақтық картаға енгізуге мүмкіндік береді.

2. Фото-тұзақтар (камера-тұзақтар). Тұзақтар стратегиялық маңызды нүктелерге (жол бастауыштары, аң аулау аймақтары, шалынған орман қалыңдығы) орнатылады. Түнгі және күндізгі режимдерде автоматты түрде фотосурет пен видеоны түсіреді, қозғалыс датчиктері арқылы қозғалыс болғанда ғана жазып алады.

Алынған материалдар «Смарт-инспектор» қосымшасына жүктеледі, онда инспекторлар нақты уақыт режимінде бұзушылықтарға реакция жасай алады.

3. Техниканың қолдауы. Дрондар – жоғары дәлдіктегі аэрофотосурет алып, тұзақтардың көрінісін толықтырады, өрт, топырақ эрозиясын бақылауға көмектеседі.

Құқық бұзушылықтардың азаюы. Тексерген аумақ кәзіргі уақытта шамамен 100% артты, тіркелген заңсыз ағаш кесу мен аң аулау әрекеттері жоқ деуге болады.

Төтенше жағдайларға реакция уақыты. Фото-тұзақтар мен смарт-қосымша арқылы өртке қатысты алғашқы ескерту 15–20 минут ішінде келіп, өртті жылдам локализациялауға мүмкіндік берді. Экологиялық білім берудің жетілдірілуі. Қоғамдық ақпараттық науқандар, мобильді қосымша арқылы, әлеуметтік желілер арқылы едәуір жақсарды.

А.НУРГОЖАНОВ,
Аманбектер орманшылығының орманшысы.

ОРМАН ӨРТІНЕ ЖОЛ ЖОҚ

Орман – табиғаттың баға жетпес байлығы, адамзаттың тыныс-тіршілігінің негізі. Ол бізге таза ауа сыйлап, жануарлар мен өсімдіктердің мекені болып табылады. Алайда соңғы жылдары орман өрттерінің жиілеп кетуі үлкен алаңдаушылық туғызуда. Сондықтан «Орман өртіне жол жоқ» деген ұстаным әрбір азаматтың өмірлік қағидасына айналуы тиіс.

Орман өрттерінің негізгі себептерінің бірі – адам факторына байланысты. Демалушылардың сөндірілмеген от қалдықтары, бейқам тасталған темекі тұқылдары, қоқыстың дұрыс жойылмауы – мұның бәрі үлкен апатқа әкелуі мүмкін. Кей жағдайда табиғи себептер, мысалы, найзағай да өрттің тұтануына себеп болады. Бірақ көп жағдайда өрттің алдын алуға адамның өзі жауапты.

Орман өрті – тек ағаштардың жануы ғана емес, ол бүкіл экожүйеге зиян келтіреді. Құстар мен жануарлар қырылады, өсімдіктер жойылады, ауаға зиянды газдар таралады. Бұл өз кезегінде адам денсаулығына да кері әсер етеді. Сонымен қатар, өрттен кейін табиғаттың қалпына келуі үшін ұзақ жылдар қажет.

Өрттің алдын алу – әркімнің міндеті. Орманда от жаққанда қауіпсіздік ережелерін сақтау, отты толық сөндірмей кетпеу, шыны бөтелкелерді қалдырмау, қоқысты өзімен бірге алып кету – қарапайым, бірақ маңызды әрекеттер. Сонымен қатар, балаларға табиғатты қорғаудың маңызын түсіндіру де өте қажет.

Қорытындылай келе, орман – біздің ортақ үйіміз. Оны қорғау – болашақ ұрпақ алдындағы борышымыз. Егер әрқайсымыз жауапкершілікпен қарап, табиғатты аялауды әдетке айналдырсақ, орман өрттерінің алдын алуға болады. Ендеше, «Орман өртіне жол жоқ!» деген ұранды бірге қолдайық.

Ж.АХМЕТҚАЛИЕВ,
Сарқан филиалының табиғатты қорғау инженері.

•Көрме

**Сырлы ыдыстың
сыны кемес**

Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінде музей қорындағы ағаш, жез, фарфор бұйымдар коллекциясынан «Сырлы ыдыстың сыны кетпес» атты көрме ұйымдастырылды.

Бұл шара көрермендерді музей қорында жинақталған экспонаттардың түрлерімен таныстырып, олардың шығу тарихы, қолданылуы туралы толықтай мағлұматтар берілді. Көрмеге жез ыдыстардың түрлері – самаурындар, шәйнектер, секер салғыш, құман, шәугім қойғыш және ағаштан жасалған керсен, тостаған, астау, ожаулар қойылды.

Қай дәуірде болмасын қазақ ұсталары жасаған дүниелері өзінің құндылығын жоғалтқан емес. Халық шеберлері күнделікті тұрмыста қолданып жүрген ыдыстарын, бұйымдарын ерте кездерден бастап жасай бастаған. Солардың бірегейлері музей ашылғанда 1993 жылы қабылданған композитор Мұқан Төлебаевтың анасы Тәжібала Ақшалқызы қолданған самауырын (композитордың келіні Кенжехан апамыз 1959 жылы Мұқан Төлебаев Кеңес Одағының халық әртісі атағын алып бір топ жолдастарымен ауылға келгенде шәй берген ырысты ыдыс), құмған, композитордың інісі Әлім Төлебаевтың отбасында қолданған шәйнек, шекер салғыш.

Сонымен қатар композитор Еркеғали Рахмадиевтің қолданған ыдыстарын зайыбы Клара Смағұлқызы музей қорына тарту еткен. Композитордың шай ішкен кружкасы, қымыз ішкен тостаған, ожаулары, термос-кружкасы т.б.

Осындай құнды экспонаттар негізінде құрылған көрмеде көрермендеріміздің жүрегінде тарихи тұлғалардың өмірін қолданған бұйымдары арқылы таныстыра отырып, туған жерге қазақ халқының тарихына менде осындай із қалдырсам деген мақсатта болады деп көрмемізді аяқтадық. Көрмеге атсалысып қатысқан №54 және Ушинский атындағы орта мектебінің ұстаздары мен оқушыларына баспасөз арқылы рахмет айтамыз.

А.ЖҰМАТАЕВА,
музей меңгерушісі.

•Қажымұқан - 155

**Қазақ даласының
батыры**

Қажымұқан Мұңайтпасұлы Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Грек – рим және еркін күрестен дүниежүзінің бірнеше дүркін чемпионы.

Ақмола уезі, Сарытерек болысына қарасты Жәдік деген ауылда 1871 жылы 7 сәуірде дүниеге келген. Кедей шаруа баласы болған. Бала күнінен дәулетті адамдарға жалданып жұмыс істеген. Жұмыс жасай жүріп той томалақтарда елге көрініп бала балуан деген атқа ие болған. Қажымұқан 1906 жылы тұңғыш рет Алманияда әлем деңгейінде көріне бастайды. 1909 жылы Халықаралық палуандар жарысына ол «Қара Мұстафа» деген атпен шыққан. Ең алғаш рет ірі табысқа Қажымұқан Харбин қаласында Халықаралық турнирге бірінші орынға ие болып, алтын медаль тақты. 1911 жылы қаңтарында Мәскеуде өткен Халықаралық чемпионатқа қатысады. Бұл жолы Қажымұқан Разумовтың, Шнейдердің, Иогансанның, Винтердің Апполинның жауырындарын қысқа уақытта кілемге тигізген. Сәуірде Петербургте күреске қатысады. Чемпионатқа қатысушылар арасында Рауль де Раун мен Георг Лурих та болды. Өділетсіздік бұл жолы да Қажымұқанның алдынан шығады. Орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы 28 мемлекетте күреске түсіп, 56 медаль олжалаған, XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болған. Ол поляк қызымен отау құрған. Омбыда мешітке апарып, оған Бәтима деген ат беріп, мұсылман дініне кіргізген. Патша үкіметі құлаған соң, балуанның отбасы азаматтық соғысы мен аштықтың салдарынан біраз сергелдеңге тап болады. Қажымұқан Мұңайтпасұлы 75 жасында жалаңаш тұрғанда 174 келі тартқан, шалбарының өзіне үш метр мата, көйлегіне 6 метр сұрып кетеді екен. Шалбарының белдігі – 220 см, жауырынының жалпақтығы - 60 см, мойын жуандығы – 56 см болған екен. Алып күш иесі бірде жолдастарының өтініші бойынша арқан жіптің көмегімен сейфті арқасына салып алып, екінші қабатқа көтеріп кеткен. Сонда сейфтің салмағы 450 келі болған екен.

Қажымұқан Мұңайтпасұлының өмірде бірнеше әйелі болған, Мінәйім атты әйелінен Айдархан атты ұл сүйген, төртінші әйелі Айшагүлден Жаңаділ атты ұл болған, палуан сол кезде 78 жаста еді. Тараған ұрпақтары Түркістан мен Ақмола өңірінде өмір сүруде.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы 1948 жылы Түркістан облысы Бөген ауданы, Ленин туы колхозында қайтыс болды.

1980 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Темірлан ауылында мемориалдық музейі ашылған.

1986 жылдан бастап Қажымұқан Мұңайтпасов атында классикалық күрестен халықаралық турнирлер өтіп келеді.

2001 жылы Қажымұқан Мұңайтпасұлының ескерткіші Шымкенттің орталық стадионы алдында қойылып, 150 жылдығына орай 5,7 метрлік ескерткіш Астанада қойылды.

Р.ОРАЗАЕВА,

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві»
КММ – нің Сарқан филиалының ақпараттық
технологиялар архивісі.

•Руханият

**АЙРЫҚША АТАП ӨТІЛДІ**

Биыл Сарқан ауданына қарасты барлық аймақта, елді мекендерде Наурыз мейрамы өзгеше қалыпта, айрықша көңіл-күймен атап өтілді. Оның үстіне Наурыз мерекесімен тұспа-тұс келген Ораза айы бұл мерекеге ерекше сипат берді.

Осы кезде халқымыздың бітім-болмысы мен руханияты, салт-дәстүрі мен мәдениеті өзінше ерекше өзектілікке толы көрініс берді. Ұлт руханиятының қайнар көзі-ұлттың тілі, діні, білімі мен ғылымы, мәдениеті, ділі ерекше айшықталды. Өз Наурыз мерекесінің мәні мен мазмұнын байыта түсу үшін бекітілген Наурызнаманың он күндігі аясында әр елді мекендерде бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылып жатты. Атап айтқанда Амангелді ауылдық округіне қарасты Көкөзек, Пограничник, Қарауылтөбе ауылдарында 14-наурыз күні Керісу күні амал мерекесі атап өтілді. Одан кейін ретімен қайырымдылық, мәдениет және ұлттық салт-дәстүр, шаңырақ, ұлттық киім, жаңару, ұлттық спорт, ынтымақ, тазару күндері барысында ұлттық құндылықтарымызды, береке мен бірлікті, достықты дәріптейтін көптеген іс-шаралар жалғасын тапты. Ауыл жастарының ұйымдастыруымен көше-көше тұрғындары ауызашар беріп, онда ауыл ақсақалдары бата берді. Жарапазан айтылып, түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Ақсақалды аталарымыз бен ақжаулықты аналарымыз халқымызға ынтымақ, елімізге молшылық, әр шаңыраққа бақыт, береке-бірлік тілеп, наурыз көжеден дәм татты. Мерекенің ажарын кіргізген Қарауылтөбе ауылында Өсем Абзалбекқызының бастамасын қостап, Жеңіс көшесінің ұйымдастыруымен өткен "Дана ене, дара келін" байқауына ерекше тоқталуды жөн көрдім. Бұл іс-шара қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, ана тілі, басқа да ұлттық құндылықтарды, әйел аналарды тәрбиелеп, ұлттық киімді, шаңырақтағы береке - бірлікті ынтымақтандырып, отағасының орнын айқындап, ұл-қыз тәрбиесін дұрыс жолға қойып, болашақ ұрпақты білімді, инабатты етіп тәрбиелеуге мұрындық болды. Байқауға үш көшенің тұрғындары қатысып, Қазақ аналары "Дәстүрге жол" республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелері төрағалық жасады. Олар Сарқан ауданының Құрметті азаматы, аталған бірлестіктің Сарқан филиалының төрайымы, Е.Сүдірбаева, мүшелері М.Сағымбаева, Г.Тажиева, Г.Абдуллаева және ауданымыздың Құрметті азаматы, кәсіпқой медиатор, "Ел анасы" медалінің иегері К.Қалиева төрелік етті. Жарысқа қатысушылар көрініс әзірлеп, ұмытылған салт-дәстүрлерді сахналап, көрермендердің қызыласы мен қошеметіне бөленді. Жеңімпаздар анықталып, қатысушылардың барлығы да жарыс демеушілері дайындаған бағалы сыйлықтарға ие болып, көңілдері марқайды, соңы қазақтың ұлттық спорты - көкпар ойынына ұласты.

А.БОГДАН,

Жетісу орта мектебі информатика пәнінің мұғалімі.

•Тәрбие

**Мектепке дейінгі ұйымда ойын әрекетін
ұйымдастыру және бала дамуындағы маңызы**

«Ойын — бала үшін өмірлік тәжірибе» деп халқымыз тегін айтпаған. Мектепке дейінгі кезеңдегі баланың ең негізгі іс-әрекеті — ойын. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, ойын әрекетін сауатты ұйымдастыру — тәрбиеші мамандардың алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Ойын — тәрбиенің тал бесігі. Ойын барысында бала айналадағы әлемді танып қана қоймай, өзінің ішкі мүмкіндіктерін де ашады. Мектепке дейінгі ұйымда ойынды дұрыс жоспарлау баланың интеллектуалдық, физикалық және әлеуметтік-эмоционалдық дамуына тікелей әсер етеді. Атап айтқанда:

Танымдық даму: Дидактикалық ойындар арқылы баланың логикалық ойлауы, есте сақтау қабілеті және зейіні қалыптасады.

Тілдік даму: Рольдік ойындар кезінде бала құрдастарымен қарым-қатынасқа түсіп, сөздік қорын байытады.

Шығармашылық бастау: Құрастыру ойындары мен қиял-ғажайып элементтері бар әрекеттер баланың креативті ойлауына жол ашады.

Инновациялық технологиялар және ойын

Қазіргі заман талабына сай, балабақшаларда тек дәстүрлі ойындармен шектелмей, STEM-технологияларды, Монтессори әдістемесін және ТРИЗ элементтерін қолдану тиімділігін дәлелдеп отыр. Әсіресе, 4-5 жастағы балаларға арналған дидактикалық ойындарды іріктеуде олардың жас ерекшеліктері мен психологиялық дайындығын ескеру маңызды. Ойын барысында тәрбиеші тек бақылаушы емес, бағыт беруші, серіктес ролінде болуы тиіс.

Қорыта айтқанда, ойын — мектепке дейінгі жастағы баланың тек бос уақытын өткізу құралы емес, бұл — оның қоршаған ортаны тануына, әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын меңгеруіне және жеке тұлға ретінде қалыптасуына негіз болатын ең басты іс-әрекеті. Ойын арқылы бала қиялы ұшталып, шығармашылық әлеуеті оянады, ал заманауи технологиялық негіздегі ойындар баланың логикалық пайымдау қабілетін жаңа деңгейге көтереді.

Сапалы ұйымдастырылған ойын әрекеті баланың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін ашатын басты кілт болып табылады. Ойын арқылы тәрбиелеу — сапалы білім берудің алтын діңгегі.

Б. СЕЙДЕКРАМОВА,

«Ақбота» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі.

**Дене тәрбиесі сабақтары мен туристік
агент мамандығының өзара байланысы**

Қазіргі таңда туризм саласы қарқынды дамып келе жатқан маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Туристік агент мамандығы тек қана теориялық білімді емес, сонымен қатар жақсы физикалық дайындықты да талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, дене тәрбиесі сабақтарының болашақ туристік агенттерді даярлаудағы рөлі ерекше.

Ең алдымен, туристік агенттің қызметі адамдармен тікелей жұмыс істеумен байланысты. Олар экскурсиялар ұйымдастырады, саяхат бағыттарын жоспарлайды, туристерге жол көрсетеді. Көп жағдайда агенттер жаяу серуендерге, таулы аймақтарға немесе табиғи нысандарға сапарлар ұйымдастырады. Мұндай жағдайда физикалық төзімділік, шыдамдылық және қозғалыс белсенділігі аса қажет. Дене тәрбиесі сабақтары осы қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі.

Сонымен қатар, дене тәрбиесі адамның денсаулығын нығайтып, иммунитетін арттырады. Туризм саласында жұмыс істейтін мамандар жиі сапарда болады, әртүрлі климаттық жағдайларға бейімделуі тиіс. Сондықтан олардың денсаулығы мықты болуы маңызды. Дене шынықтыру арқылы студенттер өз ағзасын шынықтырып, түрлі қиындықтарға дайын болады.

Тағы бір маңызды аспект – командалық жұмыс. Дене тәрбиесі сабақтарында студенттер топпен жұмыс істеуді, бір-біріне қолдау көрсетуді, жауапкершілікті сезінуді үйренеді. Бұл қасиеттер туристік агенттің кәсіби қызметінде де өте қажет, себебі ол әріптестерімен және туристермен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Сондай-ақ, дене тәрбиесі сабақтары студенттердің психологиялық тұрақтылығын арттырады. Қиын жағдайларда тез шешім қабылдау, сабыр сақтау, стресс жағдайында жұмыс істеу – туристік агент үшін маңызды қабілеттердің бірі. Спорттық жаттығулар мен ойындар осы дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, дене тәрбиесі сабақтары мен туристік агент мамандығы арасында тығыз байланыс бар. Дене шынықтыру арқылы студенттер тек физикалық емес, сонымен қатар кәсіби тұрғыдан да дамиды. Сондықтан болашақ туристік агенттер үшін дене тәрбиесі сабақтарының маңызы зор деп айтуға толық негіз бар.

С. БУЛЕГЕНОВ,

Сарқан көпсалалы колледжі дене шынықтыру пәнінің оқытушысы.

Тазалық – мәдениеттің айнасы

Сарқан қаласының тұрғыны Бақытбек Маймөков ағамыз өзі тұрып жатқан өлкенің тазалығына бей-жай қарамайтын адам.



Жуырда осы ағамыз бас болып құрамында С.Бахытбек, Қ.Оразбаев, К.Марданова бастаған 20-шақты қала тұрғыны Ф.Мүсірепов, Гоголь, М.Жұмабаев көшелерінің арықтарын тазалап, жол жиегінде артық өскен шөптерден тазартқан.

–Мен өзім бұндай қоғамдық жұмыстармен айналысып жүргеніме 10-13 жылдай болып қалды. Былтыр Ф. Мүсірепов көшесіне көп болып жүріп асфальт жол төсеткіздік. Биыл Гоголь көшесіне асфальт төсетсек дейміз, марқұм Алмас Атанов кезінде өзі бас болып бұл көше мен М. Өтемісұлының көшесінің қиылысына көпір жасатқызған. Аталған көшелердің тұрғындарын ұйымдастырып, арықтарын тазартқызып, жол жиегіне өскен артық ағаштарын кескізу жұмыстарымен айналысудамын,-дейді Бақытбек Абдыбекұлы.

Сөз арасында Бақытбек ағамыз кейбір қала тұрғындарының өзі туып-өскен өңірдің тазалығына немқұрайлы қарайтынын қынжыла жеткізді. Көпшілікпен бірге қаланың тазалығына, су жүретін арықтардың күл-қоқыстан арылуына үлес қоспайды. Ал жаз кезінде бау-бақша суғаратын уақытта «дайын асқа тік қасық болып» өздері ешқандай қам-қарекет жасамай дайын дүниеге қол созатындары көңіл көншітпейді.

Арықтарды уақтылы тазарту – көшелердің ластануын азайтады. Сонымен қатар, мұндай игі бастамалар тұрғындар арасында жауапкершілікті арттырып, ортақ іске деген жанашырлықты қалыптастырады.

Тазалық – мәдениеттің айнасы. Сондықтан әрбір азаматтың өз ауласын, көшесін таза ұстап, туған жердің көркеюіне үлес қосуы маңызды.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

ҮЕҰ МҮШЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА

Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар жыл сайын 31 наурызға дейін өз қызметі туралы мәліметтерді дерекқорына ұсынуы тиіс.



Бұған дейін орын алған техникалық ақаулар толықтай жойылып, Eser.govtc.kz платформасындағы ақпараттық жүйенің жұмысы қалыпты режимге көшті. Осыған байланысты «ҮЕҰ дерекқорына» мәліметтерді қабылдау қайта жолға қойылды.

Естеріңізге сала кетейік, мәліметтерді ұсыну мерзімі 2026 жылғы 30 сәуірге дейін ұзартылған болатын.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

ЕСКЕ АЛУ

Елесіңді сағындым

Сәуірдің 19-ында Алматы қаласындағы «Сұлтан Сарайы» мейрамханасында осыдан 10 жыл бұрын өмірден өткен Мырзахара Жүнісұлының рухына арнап ас беріледі. Осынау еске алу іс-шарасының қарсаңында сүйікті жарыма арналған сағынышым өлең болып өрілді:



Қолымда қайтты жан-жарым,
Ерекше туған бір адам.
Бой ұсынып жарына,
Ризалық дәйім сұраған.
Ризамын жаным әр еркек,
Сендей - ақ өмір өткізсін.
Өзіңе Аллам жәннәтта,
Қолымды қайта жеткізсін.
Қадіріңді Алла білгізген,
Мен үшін ардақ асылсын.
Жәннәттің сегіз есігі,
Алдыңнан түгел ашылсын.
Дәрменсіз хелде қоштастым,
Ілесе жаздап соңынан.
Ақырет күні пір Аллам,
Кітабын берші оңынан.
Фәниден көшкендеріме,
Алладан жәннәт сұрарым.
Жүректе қалдың жарқырап,
Фердауыс болсын тұрағың.
Елесіңді сағындым,
Қадірлім менің құрметтім.

Сағыныш барын осылай,
Басыма түспей білмеппін.
Сағынышыма орап дұғамды,
Барзаққа қарай ұшырдым.
Бақытын сұрап Алладан,
Қолымнан ұшқан құсымның.
Беймәлім күйге тұншығып,
Өткенді еске түсірдім.
Сыңарынан айрылған,
Аққудың өнін түсіндім.
Түсініп тәуба қыламын,
Шүкір деп таңға әр атқан.
Жәннәтты да береді,
Тәубаны берген жаратқан.
Жетермін бір күн артыңнан,
Ақиқат болса бір өлім.
Жәннәтта табыссақ деген,
Үмітпен өмір сүремін.

Еске алушы жарың Шайгүл.
Алматы қаласы.

Сен туған күн, мерекеніңен!

Құрметті Нүрзия Бақытжанқызы!

Сізді мерейлі 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл – өмір жолындағы үлкен белес, еңбегіңіздің жемісін көріп, құрметке бөленетін ерекше кезең. Сіз – ұжымға бағыт-бағдар беріп, шәкірттерге сапалы білім мен саналы тәрбие беруде аянбай еңбек етіп келе жатқан білікті, білімді басшысыз. Сіздің парасаттылығыңыз, іскерлігіңіз бен адамгершілігіңіз бізге әрдайым үлгі. 60 жаста да күш-қайратыңыз артып, ақыл-парасатыңызбен бізді алға жетелей беріңіз.



Осы айтулы күні сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс тілейміз. Әр күніңіз қуаныш пен шаттыққа толы болып, абыройыңыз арта берсін!

Құтты болсын алпыс - асқар жасыңыз,
Өлі талай белес-шыңнан асыңыз!
Алда талай игілікке көш бастап,
Өрге қарай домаласын тасыңыз!
Жақсылыққа толып әрбір күніңіз,
Мағыналы, ұзақ өмір сүріңіз.
Отбасыңыз бақ-береке бағы боп,
Қуаныштан тек жадырап жүріңіз!

Ізгі ниетпен: Ақын Сара атындағы орта мектебінің ұжымы.

ШЫН ЖҮРЕКТЕН АЛҒЫС АҰТАМЫЗ

Өз ісіне адал, мейірімділік пен жанашырлықты қатар алып жүретін білікті мамандардың барлығы көңілімізге сенім, болашағымызға үміт ұялатады. Сондай майталман маманның бірі әрі бірегейі, әрбір баланың денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарап, ата-аналарға да әрдайым қолдау көрсетіп жүретін Сарқан аудандық орталық ауруханасы балалар емханасының меңгерушісі Пекер Назгүл Өнербековнаға шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

Емханаға әр барған сайын жылы жүзбен қарсы алып, бар жан-тәніңізбен көмектесуге дайын тұратыныңыз біз үшін өте бағалы. Әрбір балаға деген мейіріміңіз, кәсіби біліктілігіңіз бен жауапкершілігіңіз – ата-аналар үшін үлкен сенім.

Сіздің еңбегіңіздің арқасында көптеген балалар сауығып, ата-аналар көңілі жайланып келеді. Осындай қажырлы еңбегіңіз, сабырлығыңыз бен адамгершілігіңіз үшін сізге шын көңілден үлкен рахмет айтамыз.

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, жұмысыңызға табыс тілейміз! Халыққа жасап жүрген игі ісіңіз әрдайым жемісті болсын!

Жадыра АЯЗБЕКОВА.

ҚАРЖЫЛАЙ ДЕМЕУШІЛЕРДІ ІЗДЕЙДІ



Жетпістен асса да жүгіруден алдына жан салмайтын Шерубаев Ғалым ағамыз туралы бұрынырақ газет бетінде («Желдей ескен желаяқ ата», 2025 жыл, №22, 6 маусым, 8-бет) жазған болатынбыз. Осынау жасында жүгіруден түрлі деңгейдегі талай жарыстарға қатысып, үнемі жүлделі оралатын Ғалым Шерубаев ағамыздың жылдың 19 сәуір күні Алматы қаласында өтетін әйгілі Almaty Half Marathon жарысында өз бағы мен бабын сынап көрмекші.

Аталмыш жарысқа қатысу үшін кейіпкеріміз қаржылай демеушілерді іздейді. Жетпістен асса да жігері мұқалмаған Ғалым ағамызға қолдау білдірейік. **КАСПИ картасының номері 4400 4303 0665 3608 GALYM SHERUBAYEV, байланыс телефоны және каспи номері 87074556754 Шерубаев Ғалым.**

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

"Сарқанирригация" ШЖҚ МКК "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 10-тармағына сәйкес, **2026 жылғы 30 сәуірде сағат 11.00-де** тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалардың алдында 2025 жылғы тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуы бойынша есеп беру жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Мекен жайы: Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Абай көшесі №99, "Сарқанирригация" ШЖҚ МКК ғимараты.